

Қ.К. Қарымсақова^{1,2}

¹С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Алматы, Қазақстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ НАСИХАТ

Аңдатпа. Бұл мақалада Діни экстремизм - діни идеологияға негізделген экстремизмнің бір түрі екендігі айтылады. Діни экстремизмге: экстремистік діни идеология, экстремистік діни сезімдер, экстремистік діни мінез-құлық, экстремистік діни ұйымдар туралы айтылады. Сонымен қатар, Қазақстан мемлектіне халықаралық терроризмнің қауібі жайында және де террористік лаңкес топтардың интернет арқылы өз идеологияларын жастарға тарату туралы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: Діни экстремизм, діни идеология, халықаралық терроризм, интернет, насихат.

Аннотация. В данной статье говорится, что религиозный экстремизм-это один из видов экстремизма, основанный на религиозной идеологии. Религиозному экстремизму относятся: экстремистская религиозная идеология, экстремистские религиозные чувства, экстремистское религиозное поведение, экстремистские религиозные организации. Кроме того, речь будет идти об угрозе международного терроризма, а также о распространении террористических групп своей идеологии молодежи через интернет.

Ключевые слова: Религиозный экстремизм, религиозная идеология, международный терроризм, интернет, пропаганда.

Abstract. This article states that religious extremism is one of the types of extremism based on religious ideology. Religious extremism is taught about: extremist religious ideology, extremist religious feelings, extremist religious behavior, and extremist religious organizations. In addition, we will talk about the threat of international terrorism, as well as the spread of terrorist groups through the Internet of their ideology to young people.

Key words: Religious extremism, religious ideology, international terrorism, internet, propaganda.

Kіpіcne

Интернет бүгінде әлемнің кез-келген жерінде орналасқан адамдар арасындағы байланыс пен ақпарат алмасудың әмбебап құралы болып табылады. Алайда, бүгінгі таңда әлемдегі ақпараттық жұмыс қазіргі терроризмнің ең қауіпті аспектілерінің біріне айналып отыр. Әлеуметтік желілерді таратумен қатар, экстремистік және террористік идеология күшейіп, бүкіл әлемде кең таралуда. Соңғы онжылдықта жоғарғы жылдамдықпен мобильді интернетке қосылу сияқты редакторлық кедергілермен қорғалмаған әлеуметтік желілер террористік және экстремистік ұйымдардың күшті құралына айналып, насихат алуына себеп болуымен қатар бүкіл әлемге де өз қауібін төндіруде.

Террористік ұйымдар күн сайын Интернет арқылы жаңа қолдаушыларды тартуға қатысады. Сайып келгенде, террористік ұйымдардың әрекеттері тұтастай алғанда әлемдегі тұрақтылықты бұзуға бағытталған. Сонымен қатар, террористік ұйымдар дүниежүзілік ғаламторды өз пайдаларына жұмсап, деструктивті идеологияны, жеккөрушілік пен зорлық-зомбылықты насихаттаумен қатар, ақпарат тарату және алмасу, қылмыстық әрекеттерді жоспарлау және үйлестіру үшін қолдануда. Өкінішке орай, қазіргі уақытта халықаралық терроризм көріністері қоғамдық өмірдің барлық салаларында байқалуда. Қазақстанда соңғы жылдарда террористік және экстремистік қылмыстар 4 есе өсім байқалады (108-ден 453-ке дейін).

Анықтама үшін: егер 2013 жылы 108 қылмыс тіркелген болса, 2014 жылы - 132, 2015 жылы - 297, ал 2016 жылы - 497 қылмыс, біршама төмендеу 2017 жылы - 453 болды немесе 8,9% [1].

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері

Зерттеуде жүйелік және құрылымдық-функционалдық талдау, жіктеу, тарихи және генетикалық зерттеулер, сонымен қатар құжаттарды саяси және құқықтық талдау әдістері қолданылады.

Зерттеу нәтижелері

Исламдық экстремизм үш негізгі тараппен сипатталады: фундаментализмнің экстремистік діни идеологиясы, тиісті экстремистік діни ұйымдар және экстремистік діни қызмет.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасында радикалды исламды насихаттайтын көптеген ашық және жабық топтар да жоқ емес : ваххабиттер, салафиттер, ахли сунна вальджамаа (ашық топ, <https://vk.com/vaxbia>); «Дағыстанның Ислам партиясы» (жабық топ, https://vk.com/islamskaya_partiya_dagestana); Аль-Каида (жабық топ); Мұсылман бауырлар және қасиетті джихад (жабық топ, <https://vk.com/club9268323>); Талибан (жабық топ); «Мужахидтер - Алланың армиясы» (ашық топ, <https://vk.com/club44381951>), т.б. [2].

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, бүгінде трансұлттық экстремистік ұйымдардың есепшоттары мен қауымдастықтарының саны да арта түсуде және олардың Facebook, Twitter, Вконтакте, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі белсенділігі ерекше алаңдатады [3]. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы, бір жағынан, қарым-қатынас, өзін-өзі көрсету және білім алу үшін шексіз мүмкіндіктер жасаса; екінші жағынан, бұл қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі мәселелерін ушықтыратын қосымша қауіптерді тудырады, соған байланысты виртуализация және жастардың діни экстремизмі сияқты жағымсыз құбылыстардың тез таралуына себепкер болады. Діни білім алуға тырысатын жастар көбінесе күмәнді интернет-сайттарға кездейсоқ немесе абайсызда жүгіну салдарынан ондағы жалған уағызшыларға тап болып олардың идеологияларын бойларына сіңіреді де ал бұл жалған топтар жастарға тек қана идеология тұрғыдан қарайды, олардың мақсаты адамның санасын бұрмалау, белгілі бір құндылықтарды жастардың бойында қалыптастыру.

Ақпараттық діни радикалдану процесінің жастарға әсерін тигізетін негізгі факторлары: Біріншіден, көбінесе тым түбегейлі өзгерістермен және технологияның өте тез дамуына байланысты қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі «әкелер» мен «балалар» мәдениеті арасындағы дәстүрлі алшақтықтың шешілмеуі. Екіншіден, мәдени дәуірлердің қазіргі әлемінің өзгеруіне байланысты стереотиптердің өзгеруі. Бұл тұрғыда өткен буынның құндылық үлгілерінің өзгеруі туралы, демек, өмірлік нұсқаулардағы өзгерістер туралы ғана емес, сонымен бірге адамның әлемдегі орнын, оның мақсаты мен мағынасын түсіну туралы айту орынды.

Үшіншіден, экстремизм идеологиясы мәжбүрлі дипломатияның қажеттілігі ретінде, экстремизм идеалдары үшін соғыс және экстремизм жаңа әлемдік тәртіптің сүйегіші ретінде көрсетеді, әрі осы себептердің әрқайсысы жастардың назарын өзіне аударады [4].

« Экстремизм мен терроризм идеологиясын Интернет арқылы, экстремистік әдебиеттер мен түрлі миссионерлердің елге заңсыз енуі арқылы насихаттаудың алдында тұрмыз. Діни сауаттылықтың болмауына байланысты бұл идеялар кейбір діндарлардың, әсіресе жақында ислам дінін қабылдағандардың радикалдануына ықпал етеді. Олардың кейбіреулері, атап айтқанда қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдар, әлемдегі әділетсіздіктің түпкі себептерін түсіндім деп қателесіп, «жиһадқа» қатысу туралы ойлана бастайды », - деді ҚР ҰҚК басшысы Нұртай Абықаев зорлықты экстремизмге қарсы күрес жөніндегі аймақтық және Орталық Азия конференциясында [5].

Соңғы үш жылда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бөлігінің 256-бабы бойынша 167 азамат интернетті пайдаланып терроризм

мен діни экстремизмді насихаттағаны үшін сотталды. Оның ішінде 2016 жылы 52, 2017 жылы 76, 2018 жылы 39 адам [6].

Халықаралық ұжымдық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мемлекеттердің ынтымақтастық принципі маңызды рөл атқарады. О. И. Тиунов атап өткендей, «БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына сәйкес барлық салада бір-бірімен ынтымақтастықты дамыту мемлекеттердің міндеті ретінде қарастырылуы керек. Ынтымақтастықтың құрамдас бөліктері - теңдік, өзара сенім, тату көршілік және достық қатынастар, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік. Ынтымақтастықтың пайдасы барлық мемлекеттерге қол жетімді болуы керек» [7].

Қазақстан барлық түрдегі терроризмді қатаң айыптайды және аталған жағымсыз құбылыспен күресте әлемдік қауымдастықтың ұжымдық күш қосуын қолдайды. Мемлекетіміз терроризммен күрес туралы барша 13 халықаралық әмбебап конвенцияларға қосылған. Әлемдегі экстремизм мен терроризмге қарсы күреске белсенді түрде қатысып келеді. Қазір елімізде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған бағдарлама жүзеге асырылды. Сондай-ақ 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлемді соғыс қатерінен арылтатын және оның себептерін жоятын «Жаһандық стратегиялық бастама-2045» жоспарын әзірлеуді ұсынды. Мұндағы мақсат – адамзат дамуы үшін ортақ жауапкершілікті орнықтыру. Халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құру мәселесі де көтерілді [8].

Жалпы дін саласында мемлекетімізде көп жұмыстар атқарылып келеді. Қазақстан терроризмге қарсы күресте барлық негізгі халықаралық әмбебап актілердің қатысушысы болып табылады. Сонымен қатар, экстремизм мен терроризмнің алдын алу, бұл мемлекеттің міндеті ғана емес, көп жағдайда азаматтық қоғам өкілдерінің міндеті. Қазақстан мемлекеті арнайы мемлекеттік қызметтер және құқық қорғау органдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Антитеррорлық комитетімен, ЕҚЫҰ-ның Антитеррорлық бөлімімен, ТМД-ның Антитеррорлық орталығымен, ШЫҰ Аймақтық антитеррорлық құрылымымен және ҰҚШҰ-мен белсенді жұмыс атқарып келеді [9]. Өткен ғасырдың аяғында террористік ұйымдар санының көбеюі және олардың күшеюі әлемдік саясаттағы өзгерістер мен халықаралық құқықтық қатынастар субъектілерінің ұлғаюынан туындаған халықаралық қарама-қайшылықтардың күрделене түсу процесінің көрінісі болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп - бұл біздің азаматтарымыздың шетелде террористік әрекеттерге қатысуы. ҰҚК мәліметінше, соңғы төрт жыл ішінде 546 қазақстандық шақырылушыға террористік әрекет аймақтарына кіруге рұқсат берілмеген (2013 ж. - 168, 2014 ж. - 136, 2015 ж. - 151, 2016 ж. - 91). Сонымен қатар, халықаралық террористік ұйымдардың

лагерлерінен 79 Қазақстан азаматы қайтарылды, олардың 34-і террористік әрекетке қатысқаны үшін жауапқа тартылды [10].

Тұжырымдар

Өткен ғасырдың аяғында террористік ұйымдар санының көбеюі және олардың күшеюі әлемдік саясаттағы өзгерістер мен халықаралық құқықтық қатынастар субъектілерінің ұлғаюынан туындаған халықаралық карама-қайшылықтардың күрделене түсу процесінің көрінісі болып табылады. Террорлық қатерлердің жаһандануы жағдайында әлемде бірде-бір адам оның қауіпсіздігін сөзсіз санай алмайды. Сондықтан лаңкестік көріністерге қарсы тұру жүйесін жетілдіру халықаралық қоғамдастықтың тиімді өзара іс-қимылынсыз және қазіргі ғылымның мүмкіндіктерін пайдаланбай мүмкін емес. Қазіргі уақытта халықаралық қауымдастық халықаралық терроризмге қарсы күресті күшейту қажет екенін түсінді. Оған қарсы күресте ең қатал және шешуші шаралар қолданылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Краткий анализ судебно-следственной практики по делам об уголовных правонарушениях, связанных с экстремизмом и терроризмом, в Республике Казахстан за 2013 –2017 годы. URL: <http://pravstat.prokuror.gov.kz/rus/sub/news/ekstremizm-i-terrorizm-sostoyanie-i-mery-protivodeystviya>.
- 2 Абдрашев Р.М. Противодействие интернет-пропаганде экстремизма в республике казахстан. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/protivodeystvie-internet-propagande-ekstremizma-v-respublike-kazakhstan>.
- 3 Краткий анализ судебно-следственной практики по делам об уголовных правонарушениях, связанных с экстремизмом и терроризмом, в Республике Казахстан за 2013 –2017 годы. URL: <http://pravstat.prokuror.gov.kz/rus/sub/news/ekstremizm-i-terrorizm-sostoyanie-i-mery-protivodeystviya>.
- 4 Байтенова Н.Ж., Шойбек Б.М., Досмагамбетова Д.Д. Жастар арасындағы діни және ақпараттық радикализм. URL: <https://bulletinreligious.kaznu.kz/index.php/relig/article/view/213/202>.
- 5 Казахстан: Массированная пропаганда экстремизма и терроризма посредством интернета. URL: <http://islam.kz/ru/news/v-mire/kazahstan-massirovannaya-propaganda-ekstremizma-i-terrorizma-posredstvom-interneta-1518/#gsc.tab=0>.
- 6 167 авторов экстремистских постов в соцсетях осуждены в Казахстане. URL: <http://www.zakon.kz/4969822-167-avtorov-ekstremistskih-postov-v-v.html>.

- 7 Тиунов О.И. Международное право на защите национальной безопасности. URL: http://www.cawater-info.net/bk/water_law/pdf/ignatenko_tiunov.pdf.
- 8 Терроризммен күрес – баршаның міндеті URL: <https://egemen.kz/article/163332-terrorizmmen-kures-%E2%80%93-barshanyh-mindet>.
- 9 Байсагатова Д.Б. Роль республики казахстан в противодействии международному терроризму и экстремизму URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-respubliki-kazahstan-v-protivodeystvii-mezhdunarodnomu-terrorizmu-i-ekstremizmu>.
- 10 Севостьянова И. Как в Казахстане будут бороться с терроризмом URL: <http://inbusiness.kz/ru/news/kak-v-kazahstane-budut-borotsya-s-terrorizmom>.

Форматы 70×100 1/16. 14б.т.
Таралымы 300 дана

С.Демирел атындағы университеттің хабаршысы
Абылайханкөшесі, 1/1
Алматы облысы, Қаскелең қаласы
040900, Қазақстан
Тел.: +7 727 307 95 60 (іш.236)
Факс: +7 727 307 95 58
e-mail: info@sdu.edu.kz

Format 70×100 1/16. 14 p.'s sh.
Edition 300 copies

The editorial office of the scientific journal
Suleyman Demirel University
1/1 Abylai Khan Street, Kaskelen
Kazakhstan, 040900
Tel: +7 727 307 95 60 (ext.236)
Fax: +7 727 307 95 58
info@sdu.edu.kz